

XXI ғасырғылым мен техниканың дамып, жаңа белеске шыққан кезеңі деуге болады. Себебі, бүгінгі таңдағылымдар күн сайын технология әлеміндегі түрлі жаңалықтар ашып, тіпті адам өмірін жеңілдететін адамға үқсас роботтарды ойладап табуда. Бүгінгі үдемелі жаһандану кезеңінде, әлем күрделі технологиялық серпінді өзгерістердің табалдырығында тұр. Адамзат бұрын-соңды кездеспеген материалдар, тұрмыстық бүйімдар, өндіріс қуралдары, қалдықсыз, қауіпсіз қуат көздері дәүіріне қадам басып келеді жатыр.

Заман алға жылжыған сайын өнертабыстағы жаңа технологияғасыры жаңарып барады. Өткен ғасырдағы Нобель сыйлығына ие болған ғимараттың тұрмысқа енүіне 30-40 жыл қажет болса, бүгінде бұл уақыт қас пен көздің арасындаған, ен көп дегені 4-5 жылдан аспайды. Тіпті ойламаған нәрселердің өзі өнертабыстың құрамдас болігі ретінде көдеге асып жатыр.

Қазіргі заман талабына сай оқыту үшін мұғалім тұлғасына түбекейлі өзгеріс қажет. Технология мен техниканың қарқынды дамыған мына заманда алған білімін қолданысқа енгізе алатын, жаңашыл ойланып, ел өркендеуіне өз үлесін қоса алатын сауатты азаматтар қажет.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазақстанды дамыған елдер қатарына қосатын жастар болғандықтан жастарды жаңаша тәрбие-леу басты мақсат. Осы мақсатқа жету жолында үстаздардың алатын орны ерекше. Себебі, кез-келген саланың жетік маманы тек үстазданған бағыт-бағдар алып, тәрбие-ленеді. Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – есіп келе жатқан жаңа тұлғаны жанжақты дамыту. Кез-келген жаңа білімді бала сезініп, түйсініп қа-былдайтында етіп беруіміз қажет. Дәстүрлі оқытуда оқушы тек тындаушы, орындаушы болса, ал қазірлек оқушы – өз пікірі, өз тұ-жырымы бар, өздігінен білім із-дейтін жеке тұлға екеніне ерекше мән беру қажет.

Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір болігі. Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-агарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістермен қондырығыларды кең көлемде қолдануды қажет етуде. Қазақстандағы барлық орта мектептердің компьютермен жоспарлы түрде жабдықталуы оның айқын дәлелі. Соңғы жылдары ақпараттық-коммуникациялық за-

ман ағымына сай күнделікті сабакқа компьютер, электрондық оқулық, интербелсенді тақта, бейне және аудио қондырығыларды қолдану айтартылғатай нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабактар арқылы іске асырылада. Мұғалім компьютер желісі арқылы әрбір оқушымен тығыз байланыста болғандықтан, оқытуға тиянақты түрде көңіл бөлініп, әрбір баланың жеке деңгейін анықтап, оларға жеке шаралар қолдануға мүмкіндік береді. Бұндай қондырығылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тындаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталарап көруге, тындауга және алған мағлуматты нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Жаңа технологиялар ішіндегі оқу үрдісінде интерактивті оқыту әдістерін қолдануға айрықша тоқталғымыз келеді. Компьютер көмегімен оқушы өз бетінше, соңдай-ақ өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Ақпараттық-педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбекейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек ғана білімді алып жүруші емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабак беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытуудың интербелсенді оқыту моделі болып табылады. Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «Интербелсенді оқыту әдісі». Интербелсенді оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекеттіне негізделген, оқу процесінде оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін үйімдастыру. Негізгі қағида-сы-педагогикалық қарым-қатынас пен диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып, дамыту. Интербелсенді оқыту әдістерін қолдана отырып, келесі нәтижелерге қол жеткіземіз. «Орташа мұғалім-айтың береді, жақсы мұғалім – түсіндіреді, үздік мұғалім- шабыттанырады» деп А. Уорт айтқандай, оқушылардың құзіреттілігін дамытудағы ең бекітілген әр сәті жүйелі түрде атқарылып, нәтижелі болуы тиіс. Соңдықтан да үстаздардың ең жоғарғы көрінісі қазіргі жаңа технологиялар мен интернет ресурстарды пайдалана білуі болып табылады.

А. САДУАХАС,
К.Д.САРТАЕВА,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университетінің оқытушылары